



Кішкентай  
оқырмандарға  
арналған журнал

№6



# БАЛАПАН ӘЛЕМІ





# БАЛАПАН ӘЛЕМІ

№6

Қазақстан Республикасы  
Ғылым және  
жоғары білім министрлігі  
Тіл саясаты комитетінің  
тапсырысы бойынша  
шығарылды.

Редакциялық алқа  
мүшелері:

Болатов Санжар  
Қапантайұлы  
Шынар Қапантайқызы  
Алимхан Айгүл  
Әсетқызы  
Болатова Айүл  
Санжарқызы  
Қабидоллина Құралай  
Қабидоллақызы  
Қабдулина Анар  
Қабиденқызы  
Баймурзин Мади  
Охметұлы

Журнал Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және Ақпарат министрлігінде  
тіркеліп, 24.04.2009 жылы  
№10074 Ж тіркеу куәлігі берілген.

Шығарушы:  
ЖК «MediaSoft»  
070016 Өскемен қаласы  
Ш.Қалдаяқов көшесі 33  
тел: 87054985044  
e-mail: MediaSoft74@list.ru

Басуға қол қойылды:  
Таралымы:  
Тапсырыс:

## МАЗМҰНЫ:

Тілашар «Мен зерек баламын!	3 бет
Менің Отаным - Қазақстан!	4 бет
Ол кім? Бұл не?	5 бет
Ойлан - тап...	6 бет
Боямақтар	7 бет
Ұлттық киімдер	8 бет
Атаулы күндер	9 бет
Ұлылар ұлағаты	10 бет
Өлеңді жаттап аламыз	11 бет
Ертегілер елінде	12 бет
Сергіту жаттығулары	13 бет
Жұмбақтар	14 бет
Жаңылтпаштар	15 бет
Сен білесің бе?	16 бет
Техника тілі	17 бет
Менің қалам	18 бет
Ойнаймыз да ойнаймыз	19 бет
Суреттер сөйлейді	20 бет
Сурет салып үйренеміз	21 бет
Суретті сөздік	22 бет
Жыл мезгілдері	23 бет
Ата-анаға кеңес	24 бет





**ілашар**

Мен зерек баламын.

## ӘЛІПБИ - АЛФАВИТ

**Аа Әә Бб Вв Гг Ғғ Дд Ее Ёё**  
**Жж Зз Ии Йй Кк Ққ Лл Мм**  
**Нн Ңң Оо Өө Пп Рр Сс Тт Уу**  
**Ұұ Үү Фф Хх һһ Цц Чч Шш**  
**Щщ Ъъ Ыы Іі Ьь Ээ Юю Яя**



Бар әріпті үйреткен.  
Міне, менің Әліппем.  
Жақсы оқимын сабақты,  
Әріптерді танып мен.



### ТАПСЫРМА

Әліпбидегі  
өзің білетін  
әріптерді атап шық.



# МЕНИҢ ОТАНЫМ - ҚАЗАҚСТАН!

## Қазақстанның табиғаты

Елім - туған Отан,  
Мен - кішкентай ботаң,  
Отан менің анам,  
Отан менің атам!



Қазақстанның табиғаты алуан түрлі.  
Қазақстан-көрікті ел  
Оның ауасы таза,суы мөлдір,табиғаты көркем.  
Ол табиғат сұлулығына бай мемлекеттердің бірі болып саналады  
Көп орман,көлдер мен өзендер бар. Менің мемлкетім Қазақстан.  
Мен оның табиғатымең,көріктігіммен мақтанамын



## ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ САЛМАҒЫ КӨП БАЛА?



Әлем жұртшылығы Жамбулат Хатохов есімді қабарды баласының есімін ең алғаш рет 2003 жылы естіді. Сол кезде жасы 3-ке енді толған алып ұлдың салмағы 17 кило тартыпты. Ал тағы төрт жылдан кейін орта мектептің бірінші сыныбы табалдырығынан аттаған оның салмағы 115 килоға бір-ақ жетіпті. Сол Жамбулат қазір 16-ға толып, жасөспірімдік кезеңге келген. Оның қазіргі салмағы 226 килодан асады.

## ОЛ КІМ?



## БҰЛ НЕ?

### ҚАҒАЗ ҚАЛАЙ ЖАСАЛАДЫ?

Қағаз – ағаш діндерінен жасалады.  
Қағаз өндіру үшін қолданылатын ағаштар кесіліп, бөрене халіне келтіріледі. Алдымен қабықтары алынып, кейін майда-майда бөлшектерге бөлінеді.  
Бұл бөлшектер жуылып, ұнтағыш машинадан өтеді.  
Машинаның ішінде әртүрлі химиялық заттармен араластырылып, талшықтарға бөлінеді және қамыр халіне келтіріледі.  
Бұл қамыр ағаруы үшін жеке бір процедуранан өтеді.  
Кейін қамыр миксерге (араластырғышқа) салынады.  
Қамырдың ішіне қағаздың сапасын, суға төзімділігін арттыратын, немесе рең беретін түрлі-түсті химиялық заттар қосылады.  
Осылайша қағаз беттері пайда болады.  
Соңында ыстық цилиндрлердің арасынан өтіп, құрғатылады.  
Фабрикадан шыққан қағаздар үлкен рулон түрінде шығады.  
Оны өңдеушілер қалаған көлемде қырқып сатады.




# Ойлан - тап!



Мына 5 суреттің ішінен  
артық 2 суретті көрсет.



Бос орынға қай суретті қоямыз?




Сурет неше  
бөліктен құралған?




# БОЯМАҚТАР

Қажетті түстерді өзің таңдап, боя.




Ақылды да есті,  
Малдың бірі - ешкі.



Ертегіде бір күні  
Аңқау бопты бұл түрі.  
Деп атасақ күлкілі.  
Айлакер, қу түлкіні



# Ұлттық құндылықтар



## Тоғызқұмалақ ойыны

Тоғызқұмалақ ойыны арнайы тақтада екі адам арасында ойналады.

Ойын тақтасы – 2 қазан, 18 отау, 162 құмалақтан тұрады.

Ойын басында әр ойыншыға бір қазан, тоғыз отауға тоғыз-тоғыздан салынған сексен бір құмалақ тиесілі.

Тоғызқұмалақ шахмат, дойбы, нард, калах тағы басқа ойындар секілді арнаулы тақтада ойналады.

Ол логикалық ойлауды дамытатын ұлттық ойын болып табылады.



# Атаулы күндер



16  
желтоқсан

Тәуелсіздік  
күнімен!



# Ұлылар ұлағаты



Шәмші Қалдаяқов

## **Шәмші Қалдаяқов**

Аса көрнекті сазгер, өн жанрының әйгілі майталманы, Қазақстан мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер, осы замандағы қазақ эстрадасының негізін салушылардың бірі, Қазақстанның халық әртісі.

Оңтүстік Қазақстан облысының Қызылқұм ауданында дүниеге келді. Бала кезінен бойындағы бар талантын алқалы жиын, аламан бәйгелерде көрсете білді. 1950 жылдан бастап шығармашылықпен түбегейлі түрде шұғылданды.

2005 жылдан бастап Шәмшінің "Менің Қазақстаным" туындысы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны болып бекітілді.



# Өлеңді жаттап аламыз

Күшігім  
Күшігім менің келе ғой,  
Құшағыма ене ғой.  
Мойныңа бау тағайын,  
Ойынға ертіп барайын.



# Ертегілер елінде



## Арыстан мен тышқан

### Арыстан мен тышқан

Ерте ерте ертеде орман патшасы арыстан тоғайдың қалың беделінде ұйықтап жатады. Бір тышқан ойнақтап, үстінен жорғалап жүргенін сезіпті. Арыстан

ұйқысынан ызаланып оянып, тышқанды ұстап алып, өлтірмекші болғанда тышқан жалбарынып:

- Тақсыр, мені өлтірмеңізші, бір жолға көшіре көріңіз. Бір күні мен де бір қызметіңізге жарармын, - депті.

Арыстан оның сөзіне күліп:

- Сен өзің кішкентай бір тышқансың, менің қандай қызметіме жарамақсың,- деп жаны ашып, тышқанды қоя беріпті. Тышқан байғұс қуанып, «арыстан досым», - деп, жүгіріп ойнап кете беріпті.

Күндердің күнінде арыстан жортып ойнап жүріп, аңшылардың құрған тұзағына түсіп қалыпты. Шарқ ұрып тыпырлап, ақырып-бақырып жатса да тұзақтан құтыла алмапты.

Сол жерден өтіп бара жатқан тышқан арыстанның бұл халін көріп, қасына келіп қарап тұрса, сонда арыстан тышқанға қарап:

- Лажың бар ма бұған қылар? – депті. Тышқан дереу тістерімен тұзақтың жіптерін кеміріп қиып кеп жіберіп, арыстанды тұзақтан құтқарыпты. Тышқан арыстанға:

- Мені кішкентайсың,- деп мән бермеуші едің. Міне сені бір ажалдан алып қалдым, - депті. Осылайша арыстан жасалған жақсылықтың қайтарымы болатынын жақсы түсініпті.




# Сергіту жаттығулары



**Бір, екі, үш  
Жинап алдық күш  
Төрт, бес, алты  
Біз жазамыз мықты  
Дәптерімізді ашайық  
Көрсетілген үлгіге,  
Әдемі етіп жазайық.**



# ЖҰМБАҚТАР




Таңмен көзін ашады,  
Әлемге нұрын шашады.



Терезені өрнектеп,  
Әдемі сурет салыпты.  
Кім екенін табайық.  
Көрінбей кетіп қалыпты.

Үш көзді батыр  
Жолды аңдып жатыр.



# ЖАҢЫЛТПАШТАР




Шуақтаған ботамды,  
Шуға апарып шуладым.  
Шудалаған шудасын,  
Суға салдым,  
Судан алдым,  
Суға малдым.

Бұзау бұлқынып,  
Мойыншағын үзе ме?  
Мойыншағын үзген соң,  
Ол біреуді сүзбей ме, сүзе ме?



Алма базарда  
Алма алма алар ма?  
Ақ алма алар ма?  
Әлде алары анар ма?



# Сен білесің бе?



Тиіндер емен жаңғағын қайда көмгенін ұмытатындықтан, жыл сайын жүздеген ағаштар өседі.

Сауд Арабиясы түйелерді Аустралиядан импорттайды екен.

Плутон планетасының ауданы Ресейдің ауданынан кіші.

Сегізаяқтың 3 жүрегі бар.



# ТЕХНИКА ТІЛІ



Робосеннің Робот динозавры Гримлок-бұл жай ойыншық емес,  
нағыз технологиялық шедевр.

Динозаврдан трансформаторларға автоматты түрде ауысуға  
қабілетті бұл робот екі формада да қозғалудың ерекше мүмкіндігіне ие.  
Ол сондай-ақ пайдаланушыларға әртүрлі қозғалыстарды орындау үшін топсалы  
аяқтарын бағдарламалауға мүмкіндік беретін өзінің  
бағдарламалық жасақтамасымен жабдықталған.

# Менің қалам

Мен Риддер қаласында тұрамын.  
Менің қалам өте әдемі.  
Менің атым – Бекжан.  
Менің қаламда саябақтар көп.  
Менің қалам биік таулардың  
ортасына орналасқан.




# ТАПСЫРМАЛАР, ОЙНАЙМЫЗ ДА, ОЙЛАЙМЫЗ...

## КӨЛЕҢКЕСІН ТАП




# ТАПСЫРМАЛАР, ОЙНАЙМЫЗ ДА, ОЙЛАЙМЫЗ...


## СИРҒА ШӨП БЕР



## МЫСЫҚҚА КӨМЕКТЕС



# СУРЕТ САЛЫП ҮЙРЕНЕМИЗ



# Суреттер сөйлейді



## Тапсырма

Суреттерге қарап,  
әңгіме құрастыр



# СУРЕТТІ СӨЗДІК



## Оқу құралдары

Кітап  
Книга



Тетрадь



КҮНДЕЛІК  
KUNDELİK  
ДНЕВНИК



Дәптер  
Тетрадь


Күнделік  
Дневник



Сөмке  
Сумка



Қалам  
Ручка



Өшіргіш  
Резинка



Ұштағыш  
Точилка



Сызғыш  
Линейка



Бояулар  
Краски

Қарындаштар  
Карандаши





Кішкентай  
оқырмандарға  
арналған журнал

№6

Құрметті, Ата-аналар!  
Бала тәрбиесі - ата-ана үшін  
үлкен жауапты міндет.  
Жас шыбық иілгіш болса,  
жас бала да сондай жақсыға да,  
жаманға да бірдей бейім болатыны мәлім.  
Қазақта: «Баланың бас ұстазы – ата-анасы»,  
- деген сөз бар.  
Сондықтан, «Балапан әлемі» журналын  
балаңызбен бірге оқып,  
мәтіндер мен тапсырмалардың мағыналарын  
түсіндіріп беруіңізді сұраймыз.  
Бұл журнал сіздің балаңызға арналады.



БАЛАПАН  
ӘЛЕМІ